

**Алимбекова Гүлжан Тоқтамысқызы соц,ғ.к**  
**Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының директоры.**


**Астананың ауысуна деген, астаналықтар мен алматылықтардың көзқарасы:  
әлеуметтік зерттеудің қорытындысы.**

1997 жылы астана кішкентай және қарапайым қалашық еді. Ақмолаға көшкеннен соң, Алматы тұрғындары астаналық мәртебесінен айырылды. Бірнеше жыл бойы үкімет аппараты Астанаға көшкеннен кейін, қоғамдық пікір, астаналық мәртебесінен айырылған алматылықтарға өкпелілер мәртебесін беріп келді. Бұл факт тұрғындар көңіл-күйінен білінді, мысалы, көп әзіл әңгімелерде және өтірік әңгімелерде астананың аязы, масасы, қызмет көрсетудің нашарлығы және т.б. айтылады.

Астананың ауысқанына 11 жыл өтті, қоғамдық пікірдің де өзгеруіне жеткілікті мерзім болды. Әлеуметтік компания «Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы» (ҚПЗО) астананың ауысуына байланысты Астаналықтар мен Алматылықтардың көзқарасын өлшеу үшін 2008 жылдың 16 мен 19 мамыр аралығында Алматы мен Астанада өз қаражатына астананың ауысуы мәселесіне байланысты әлеуметтік сұрау жүргізді. Көшелі сұрау әдісі бойынша 1000 респондент сұралды, әр қалаға 500 респонденттен. Іріктеу репрезентативтілігін қамтамасыз ету үшін сұрау қаланың түрлі аудандарында өткізілді, интервьюерлер жас пен жынысқа байланысты арнайы құрастырылған квотаны қолданды, (қала тұрғындарының пропорционалдығына сәйкес).

Зерттеуге қатысушылардың 40%-на астананың ауысуы тікелей әсер еткен. Астананың ауысуы алматылықтарға үлкен әсер етті, астаналықтарға емес, астаналықтар астананың ауысуынан алматылықтарға қарағанда көбірек ұтты. Зерттеуге қатысушыларға астананың ауысуына өз пікірін білдіру ұсынылды. Біз келесі жауапты алдық, 1-ші суретте көрсетілген.

**1-ші сурет. Астананың Алматыдан Астана қаласына ауысуына, сіз қалай қарайсыз?**




Байқауға болады, алматылықтар үлесі, астананың ауысуына көзқарасы жағымды, бұл жетерліктей жоғары. Бірақта алматылықтардың үштен екісі, Алматының астана болып қалғанын қалайды екен.

Астананың ауысуына Алматы мен Астана тұрғындарының көзқарас айырмашылығы тек жауапты үлестіруде ғана емес, сонымен қоса олардың қатынас себебінде де. Зерттеуге қатысушылардың көзқарасы астананың ауысуына және түрлі құбылыстарына өз ара байланыс өткізе, осы оқиғалар әсер еткен, біз келесі құбылысқа ұшырастық: алматылықтарда астананың ауысуына және жеке құбылыстарға өзара ортақ көзқарас қалыптасқан, ол оқиғаның әсер етуі мүмкін, әлде қайда жоғары, астаналықтарға қарағанда. Басқа сөзбен айтсақ, алматылықтардың астананың ауысуына көзқарасы жақсы, себебі бұл мемлекеттің дамуына оң әсер еткен, астаналықтар үшін ауысқаны өздігінен маңызды, республикаға әсерін айтпағанда.

Алматылықтар, астананың Астанаға ауысқанына өз көзқарасын қалыптастыруда, негізінен рационалдық фактіге жүгінеді, ал астаналықтар астананың ауысуына басқа көзқарастармен қарайды, ондай көзқарастар себептері зерттеу барысында қарастырылмаған. Ұсынуға тұрарлық, ол қазіргі астананың тұрғындары алған психологиялық пайда болып табылады.

Бұл айырмашылық төменде келтірілген 2 суреттің жауабында көрінбейді, себебі корреляциялық талдаудың қорытындысы өзара жалпы көзқарас астананың ауысуына және жеке оның салдарына.

## 2-ші сурет. Астананың ауысуы Қазақстанға жалпы қалай әсер етті?



Егер де әсер етудің орташа бағасын шығарсақ, алматылықтар астананың ауысуының эффектісін орташа есеппен жоғарыда көрсетілгендей 60%, сол жағдайда астаналықтарда 51%.

Алматылықтардың есебі бойынша, астананың ауысуы мемлекеттің саяси жағдайына және қазақ ұлтының дамуына жағымды әсер еткен, астаналықтар- бизнестің дамуына, жұмыссыздықтың азаюуына.


Алматыда да, Астанада да респонденттердің көлемі теңдей жиналды, есептейтіндер, астананың ауысуы айтылған құбылыстардың ешқайсына әсер етпеген дейтін(шамамен әр қалаға 1%-дан). Басқа жағынан, тұрғындар көлемі, астананың ауысуын қуана қарсалған және есептейтін, бұл оқиға айтылған құбылыстардың барлығына жағымды әсер етті, Астанада көбірек, Алматыға қарағанда(4% қарсы 2%).

Жоғарыда айтылғандар қорытынды шығаруға мүмкіндік береді, алматылықтар Астана мемлекеттің жаңа астанасы болғанына бірдей көзқараста емес. Бірақ, жалпы, айтуға болады, бұл әлеуметтік шиеленісті, алматылықтар Қазақстанның жаңа астанасына жалпы нивелирлеу сезінді.

Солтүстік және оңтүстік астаналар арасындағы хабарлама, республикада ең қарқынды. Белгілі болғандай, осы бағытта ең көп жолаушы поезды бағыттайды, ұшақтар, сапалы көлік жолы түскен.


Шамамен сұралғандардың 60% екі астанаға да барып қайтқан, астаналықтар өз өмірінде Алматыда көп болған, алматылықтарға қарағанда.

### 3-ші сурет. Сіз Алматы мен Астанада болдыңыз ба?




Басқа жағынан қарағанда алматылықтар жиі барады, орташа жылына 2 рет. Ал астаналықтар оңтүстік астанаға сирек келеді, жылына шамасы 1,5 рет.

#### 4-ші сурет. Сіз жиі барасыз ба?




Екі астананың арасы айтарлықтай көбірек болсада(1000 шақырымнан астам), оған қарамай тұрғындарының әлеуметтік байланысы берік. Сонымен туған- туысқандарымен және жолдас-жораларымен кездесу үшін алматылықтар Астанаға және астаналықтар Алматыға баруы негізгі себеп. Сонымен қатар астанадан астанаға қызметтегі командировкалар әсіресе алматылықтардың арасында белгілі.

#### 5-ші сурет. Сіз Астанаға/Алматыға соңғы рет не үшін бардыңыз?



Астана тұрғындарына қарағанда, алматылықтардың көбі өздерінің қаласының отаншылдары болып көрінеді. Сонымен алматылықтардың тек қана 23% Астанада тұрғысы келеді, керісінше астаналықтардың оңтүстік астанаға көшуді армандайтындардың бөлігі айтарлықтай жоғары 38% құрамында (6-шы суретті қараңыз).

**6-шы сурет. Сіз Алматыда/Астанада тұрғыңыз келе ме?**



Әбден түсінікті, жас адамдар басқа қалаға көшуді жиі армандайды. Қозғалмалы халықтың көшу әдісінің көрінісінің ең үлкен бөлігі, ол Алматы жастары. Халықтың қоғамдық құбылыс пікір дәрежесіне жастар көбірек сезімтал келеді, мүмкін сондықтан да шығар алматы жастарының Астанаға деген көзқарас ниеттілік, дамушылық нәтижесін көрсетеді. Алматылықтар астаналықтарға қарағанда Астананы Қазақстанның ең әдемі қаласы деп санайды.

Шамамен 34% астаналықтар мойындайды, егер астана Алматы болса, олар сонда тұрар еді.

**7-ші сурет. Жеке тұжырымдар түсінігінің деңгейі, астананың ауысуына байланысты?**



Алматылықтар жалпы Астанаға лояльды қарағанымен, алматылықтар арасында топ бар, астананы Астанаға ауыстыру қателік деп санайтын, олар туған қаласын астана болуға лайығырақ деп санайды, Астанадан көрі, жас астанаға мақтанышпен қарамайды. Олардың үлесі қала тұрғындарының 17% құрайды. Астаналықтар арасында да бар, Алматыны көбірек ұнататын, бірақ олар Астанада тұруға мәжбүр. Егер астана Алматыда қала бергенде (болса қуанатындай), олар сонда тұрар еді. Бұндай тұрғындардың үлесі Астана халқының 10% құрайды. Бұл адамдарды, Алматыдан Астанаға көшкендер деп санау керек.

Жоғарыда айтылғанды түйіндесек, ескеру керек, астаналықтар астананың ауысуына жағымды қарайды, алматылықтарға қарағанда. Алматылықтар үшін астананың ауысуына жақсы қарауының себебі мемлекетте саяси жағдайдың жақсаруы, астаналықтар үшін экономикалық факторлар маңыздырақ- жұмыссыздықтың азаюы, бизнестің дамуы. Алматылықтардың Астанаға деген жағымды көзқарасы өсуде, бірақ алматылықтар тобы бар, астананың Астанаға ауысуына сынмен қарайды.(шамамен 17%).